

кеңістікті құрылым деп атауға болады. Олар сол контекстке ғана тән, сонда ғана өміршең бола алады да, индивидуалды-көркем мағыналы жалқы есім бола алады.

Көріп отырғанымыздай, жазушы белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында орын алған оқиғаны баяндау барысында сол тілдің ономастикалық қорындағы атауларды қажетінше пайдаланады. Бұл ретте жазушыға қойылатын талап та жоғары болмақ. Кейіпкеріне лайықты ат қоя білу жазушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Ұлттық қасиет пен ұлттық ерекшелікті тең ұстаған есімдер шығарманың құрамына енбей тұрып-ақ түрлі семантикалық-коннатативтік ренде болып, оқиға барысында атқаратын рөлі, жауапкершілігі күрделене түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва, 1988. – 192 с.
2. Никонов В.А. Имя и общество. – М.: Наука, 1974. – 276 с.
3. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М.: Наука, 1988. – 322 с.
4. Салкынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
5. Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата: Санат, 1990. – 170 с.
6. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.

Мұхтарова Гүлнұр, Ахметжанова Лаура

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің III курс студенттері

Ғылыми жетекшісі:
қауымдастырылған профессор,
ф.ғ.к. М.А.Тұрсынова

JAŃA LATYN ÄLIPBII – JAZU REFORMASY

Bügingi küni bұqaralyq aqparat qūraldary men zialy qauym ökilderi arasynda keñinen talqylanyp jatqan мәselelerdiñ biri – qazaq tılı älipbiin kirilisadan latyn grafikasyна көşiru. Jazu – belgili bir äripterdiiñ jiyntygy ғана емes, ülttyñ özindik bolmysyn tanytatyn tañbalar jüiesi.

Jazu arqyly ötken men bügingi және bolaşaq ömirimiz jalğastyq tappaq. Al jazudyñ өзgerui sol halyqtyñ qoғamdyq ömiriniñ barlyq salasyna, ruhani әlemi men мәdeni deñgeime, әleumettik psihologiasyna әser etedi.

Bұqaralyq aqparat közderine süiensek, bügingde әlemniñ 70% elderi latyn jazuy arqyly bilimdi meñgerip, ғылыми zertteulermen tanysuda. Bұл jazbaşa aqparttyñ barlygy derlik latyn grafikasyмен beriledi, qoғamdyq ömirdegi jañalyqtardyñ basym bölgi osy grafikanyñ negizinde taralady degendi bildirdi. Demek, latyn älipbiniñ bizdiñ elimizdiñ әlemdegi damyған otyz eldiñ qataryна qosylu talabyñyñ oryndaluy jolynda mañyzdy röl atqarady.

2017 jyldyñ 26 qazanynda Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ «Qazaq tılı älipbiin kirilisadan latyn grafikasyна көşiru turaly» №569 Jarlygy bekitilip, apostroftы älipbi qabyldansa, 2018 jyldyñ 19 aqpanynda atalған Jarlyqqa өзgerister endi. Apostrof äriptermen berilgen keibir äripter akutqa almastyrylyp, Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2018 jylgy 19 aqpandaғы №637 Jarlygyмен bekitildi.

Älipbi bekitilgennen keiin ғalymdardyñ adyndaғы basty mindet – emle erejelerin äzirleu. Osyған säikes birneşe talqylau, saraptama-synamadan ötken jaña älipbi negizindegi qazaq tılı emlesiniñ erejeleri 2018 july 6 jeltosqanda Qazaq tılı älipbiin latyn grafikasyна көşiru jönindegi ülttyq komisiyaniñ otyrysynda maқıldandy.

Jaña älipbi negizindegi qazaq tılı emlesiniñ erejeleri latyn grafikasyndaғы qazaq älipbi boiynşa dürys jazudyñ normalaryn көrsetetin qūqyqtyq küsi bar qūjat ekeni belgili.

Qazaq tılı älipbiin latyn grafikasyна көşiru jönindegi ülttyq komisiyaniñ otyrysynda maқıldanған emle erejesi 2019 jyldyñ 18 qañтарыnda «Egemen Qazaqstan» gazetinde jarialanyp, көpşiliktiñ talqylauyna üsynyldy.

Bügingi tañda bұqara жүrtşylyq tanysyp otyrған emle erejelerine qatysty көpşiliktiñ pikir de әrtürlü. Biri erejemi qoldasa, endi biri kemşil tüsyn söz qyluda.

Belgili jazuşy Beksultan Nürjekeuly «Tıldıñ aldynda tizerlep otyryp qyzmet eteik» aty maqalasynda: «.. Al bizdiñ jaña emle erejemiz tildi azdyrudy alğa qoiyp otyr. Ol zorlyq 1940 jáne 1957 jyly bastalğan, al N.Ualı sol zorlyqty jalğastyra berudi dūrys köredi. Öitkeni ol emleni körıp közimiz üirenip qaldy, aityp auzymyz üirenip qaldy dep, «Qazaq jazuyynyñ bürin-soñdy tūraqtağan nārselerin eskere otyryp» jasapty. Jáne «üş tūğyrly til saiasatyna» «nazar» audarypty. Men onsyn jöndi tūsine almadym, ol saiasat qazaq tiliniñ tabiğatyn saqtama deitin saiasat pa? Eldiñ täuelsizdigi men tildiñ täuelsizdigi ekeui eki basqa nārese emes. Ekeui – bir. «Bizdiñ täuelsiz Qazaqstannan basqa otanymyz joq!» – dep, Elbasynyñ özi qadap tūryp aitpap pa edi? Endeşe sol täuelsizdikke nege nemqūraidy qaraimyz?

1957 jyly tilimizge engin bül zorlyqtan emlemizdi qūtqara almasaq, latyn alıpbııne ne üşin köştik? Ne üşin «ruhani jañgyrudy» quana qoldadyq?

Meniñşe, til mamandary bilikti ädeii aldady: aldymen «Qazaq til emlesiniñ negizgi erejelerin» jasadyñ ornyna, äueli alıpbııdi qūptatyp aldy da, sonan soñ bürynğı erejeni soğan ylaiyqtap jaığastyra saldy.

Tıldıñ tabiğatyn bütüp būzatyn zañdy üsynu Stalin zamanında zañnyñ 58-babyna jatatyn», – dep syni pikir bildiru arqyly kez kelgen sözdi meilınşe orfoepialyq norma arqyly jazudy qoldaidy [1]. Jazuşy B.Nürjekeulynyñ jappai yi, ii, üu, uu türinde jazudy qoldağan pikirı nemese aitylu boiynşa jazudy qoldauy mätin kölemın de ülgaityp, halyqtyñ qalyptasqan, dağdylanğan erejesine tosqauyl qoiuy mümkin degen pikir demiz.

Filologia ğylymdarynyñ kandidaty Bijomart Qapalbek «Älipbide joq dybystyñ erejesi» aty maqalasynda: «Jaña emleniñ 9-paragrafy mynadai: «ü ärpı iu ärip turkesi türinde jazylady: aiu, baiu, oiü, jaiu, süiu. Eskertu. İ ärpınen keim tūrğan iu ärpiniñ ornyna u jazylady: kiu, jiu. Bül iu ärpı kirilisada bolğan, al qazırğı alıpbıımızde joq. Eger logikağa salatyn bolsaq, älipbide joq äripke ereje arnalmauy kerek. Ereje negizinen tilimizdegi bar dybystyñ jazyluynyñ tiptik sipatyn, ışınara bolsa erekşeliklerin körsetip berui tiis. Kezinde tilimizdiñ dybystyq zañyna tompaq kelgenine qaramastan zorlyqpen alynyp, töl dauystylardyñ qatarına ornalastyrylğan bül jat dybys eski älipbimen birge ketti. Endi ony tūsındıruıñ qajeti joq. Biz qazır bürin iu arqyly būzylğan til zañın qalpına keltiruge tiispiz. İağni ereje iu ärpı... dep emes, dauyssyz i-ğa aiaqталatyn etistikter... dep bastaluy tiis. Erejedegi söilemniñ temasy men remasyn özgeruimiz kerek. İağni jaña emleniñ 9-paragrafy qazaq tiliniñ fonetikalyq, gramatikalyq zañdylyqtaryna negizdelip, osy dybys turkesteriniñ jazyluındaғы nūsqalaryn mysal arqyly körsetip berui tiis», [2] – deidi.

Sonymen qatar B.Qapalbek: «.....Erejede baiy degen dauystyğa aiaqталatyn eki buyndy etistik pen jai degen dauyssyzğa aiaqталatyn bir buyndy etistiktiñ tüiyq etistik tūlğasy birdei dep tanylğan. Bül qate. Mündai jasandy norma engizu arqyly biz jalğamaly tilderge tñ birneşe zañdy būzamyz. Tany, baiy, kei etistiklerine tüiyq etistik jūrnağy tany+u, baiy+u, kei+u türinde jalğanady. Bizde tūbir men qosymşanyñ arajığı orys tilindegeidei sıñısıp ketpei, aiqyn körinip tūruy tiis» degen közqarasyn bildiredi [2]. Emle erejesine qatysty tilşi-ğalymdardyñ pikirleriniñ birizdi bolmauy, bir şeşimge kelmeui atalğan erejeniñ äli de tolyqtyratyn tūstarynyñ barlyğyn körsetedi. Filologia ğylymdarynyñ doktory Älimhan Jūnisbek «Qaitadan kiril emlesiniñ köşirmesi bolyp ketti» degen maqalasynda jaña alıpbııdiñ emle erejeleri turaly mynadai oi aitady: «...Latyn grafikasyna negizdelgen qazaq alıpbıı emle erejelerin äzirleu isi aiaqталuğa jaqyn. Degenmen özgerudi qajet etetin tūstary bar. Eñ qiny osy sala bolyp tūr. Ony jasap jatqandar negizinen bürinan sonymen şūğyldanyp kele jatqandar. Til bilimi institutynda til mädenieti bölmi degen bolğan, bular sonyñ qyzmetkerleri. Biz qosymşa aralasyyp otyrmыз. Meniñ riza bolmai otyrğanym qaitadan kiril emlesin köşirip aldyq. Qaitadan sonyñ köşirindisi bolyp ketti. Sol jerde men özimniñ qarsy pikirimdi aitqanmyн, aityp ta otyrmyн, äli de aitamyн. Mysaly «mi» degen sözdi kirilde eki tañbamen jazsaq, myna älipbide de eki tañbamen jazyp otyrmыз. «Myi» dep jazğannyñ ornyna qaitadan solai jıñışke qylyp jazyp otyrmыз. Mysaly, osyndai jerlerdiñ barlyğyna özimniñ qarsylyğymdy aittym. Kelispeitnimdi aittym. Biraq ol tañba äzir sol küiñşe qalyyp otyr» [3].

Ğalyм bürynğı erejedegi i men u-ğa qatysty mäseleniñ tağy qaitalanyp otyrğanyna qatysty oiyн bildirip, orys tilindegi dauysty i men u, qazaq tilindegi dauyssyz i men u-dyñ bir tañbamen berilgenine fonetis-ğalyм retinde qarsy közqarasyn jetkizedi.

Filologia ğylymdarynyñ doktory, pofessor Jantas Jaqypov da osy mäseleге bailanysty pikir bildiruden qalys qalmady. Ğalyм: «...Qazır biz orys tiliniñ qarpıne bailanyp otyrmыз. Eger şyqsaq, orys tilinen kindigimizdi ajyratyp alamyз da, qatar ömir süremiz. «E, qazaq tılı özi özgeşeleu til eken ğoi» dep nazar audara bastaidy, üirenu de basqaşa bolady. Mäselen, ağlyşyandy da, nemis tilin de jyldam üirenedi. Qazaq tılı üireneidi. Öitkeni qazaq tılı orys tiline asosiasia bolady da tūrady», – dep qazaq dybystaryн jaña grafikamen berudi qoldady [4].

Filologia ғылымдарының докторы Erden Qajybek: «Біріншіден, бұл емле Elbasymyздыñ Jarlyğymen bekitilgen әліпбиге негізделген. Екіншіден, бұл емленің негізгі jobасын A.Baitürsynұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары дайындаған. Одан кейін «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сараптамасыз өткізіп, соңғы редакциясын жасап, газетке жариялады. Бірақ бір нәрсені дұрыс түсініміздер, Ұқыметтің жанындағы ұлттық комиссияның мақұлдауы деген сөз – бекіту емес. Өйткені дәл қазіргі кезде ғалымдардың дауында әлі шешілмеі тұрған үлкен мәселелер бар. «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаудың негізгі себебі – халыққа таныстыру, халықтан тағы да үсынystardy жинау. Бірақ ашығын айту керек, 28 таңбаны ғана таңбалар көрсетуге біздің ғалымдарымыздың күші жетпей жатыр. Мысалы, әліпбиде дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың орындары ауысқан», [5] – деп пікір білдіру арқылы емле ережесін жасаудың да оңай жұмыс емес екенін, көпшілік талқылаудың қажет екендігін көрсетеді.

Filologia ғылымдарының докторы, профессор Fauzia Orazbaeva: «Жалпы, осы уақытқа дейін әліпбидің үш нұсқасы бекітілді. 18 қаңтарда емле ережесінің jobасы үсынылды. Ол талқылаудан өтіп, енді бекітілудің алдында тұр. Емле ережесі қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес жасалса ғана сауатты ереже мен дұрыс әліпбиге жетуге болады. Рас, бір кемшілік болса, бірден тілші-ғалымдар айыпталды, ал оның қайта-қайта өзгеріске ұшырағанын ешкім ескермеді. Әрине, біз талқыға түсуге қарсы емеспіз, талқыланын. Бірақ сол талқыға түскеннің ішінде шын кәсіби мамандардың пікірі ескеріліп, әліпби нұсқасы дұрыстала және емле ережесі жүйеленсе дұрыс болар еді. Біз не істесек те, ертең ұшын, ертеңгі қазақ тілінің нормасы ұшын жұмыс істедік. Қазақ тілінің сөйлеу жүйесін сақтау арқылы елдiкi сақтауындyқтан бұл iске өте жауаптымыз», – деп ойын білдіреді.

Filologia ғылымының докторы Zeinap Bazarbaeva: «Біз бірінші нұсқаны үсынғанда өзiмiздiң ұлттық дыбыстарымызды, жиңше дыбыстарымызды умлаут арқылы көрсеттік. Умлаут деген – әріп үстіндегі екі нүкте. Бірақ бізді кім тыңдады? Ал орфографияның өзiнiң заңдылықтары бар. Орфография фонетика не грамматика емес, бірақ бұлармен өте тығыз байланысты. Орфографияның өзiнiң заңдылықтары мен бірнеше ұстанымы бар: фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық және дәстүрлі-тарихи ұстаным», – деген ойын айтты [1].

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден мынаны аңғаруға болады. Жетпіс пайызы тек қана әлеуметтік желілерде пікір білдірушілер. Жиырма пайызы өкінішке орай бейтарап пікірде болса, қалған он пайызы тіл білімінің мамандары өз пікірлері мен үсынystарын білдірген болатын.

Қорыта келгенде, жаңа графикаға құрылған латын әліпбиі мен оған негізделген емлеге байланысты даулы пікірлердің көп екені рас. Алайда, бұл латын қарпіне көшу қате деген ұғымды қалыптастырмау керек. Сондай-ақ қазақ тілі мен әліпбиі саясатының кезекті бір құрбаны деген ойды санамыздан шығару деп ойлаймын.

Көпшіліктің көкейінде латынға көшудегі мақсат қандай? Неген ұтамыз, неген ұтыламыз деген сұрақтың маңалытыны рас, тілімізді басқа тілдерден ерекшелейтін тұл дыбыстарды жаңа латын әліпбиінде нақты бере аламыз ба деген сұрақтар әрине орынды.

Қазақ қоғамына латын әріпі таңсық емес. Сонымен қатар, үстүғырлы тілдің бірі деп тапқан ағылшын тілі де осы әліпбиді пайдаланады. Дамуға бағыт алған еліміз ғаламдық ақпараттарды игеру үшін де ағылшын тілі арқылы қол жеткізіп отыр. Ендеше, латын әліпбиін игеру бізге қатты қиындық тудырмайтын аңғаруға болады. Оған қоса, әлеуметтік желілерде оқырмандардың бір-бірімен латын әріптерін пайдаланып, жазба қалдыруы қазақ дыбысының таңбалаған жаңа латын әліпбиін меңгеруге өзіндік үлесін қосатын ескергеніміз жөн болар. Ел арасында «латын әліппесіне» көшу материалдық жағынан қиындықтар туғызбай ма деген сауалдардың бар екені де рас. Бастапқы уақытта қаржының көп бөлініп, тарихымыз бен әдебиетімізді, мәдениетіміз бен өнеріміздің тұлқуібаты болып танылған «кітап» деген қазынамызды қайта жазуға уақыттың да көп керек етілетіні тағы да бар. Осыған қарамасдан, мемлекетіміз латын әліпбиіне жүйелі түрде көшуге арнайы бағдарламалар мен jobалар жасап жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бексұлтан Нұржекеұлы «Тілдің алдында тәзірлеп отырып қызмет етеік» 21 ақпан, 2019 ж. <http://www.anatili.kazgazeta.kz>
2. Біжомарт Қапалбек «Әліпбиде жоқ дыбыстың ережесі» 13 ақпан, 2019ж. <http://www.qazaquni.kz>
3. Алімхан Жүнісбек «Қайтадан кіріл емлесінің көшірмесі болып кетті» 17 қазан, 2018ж. <http://www.kaz.caravan.kz>
4. Жантай Жақыпов «Ғылымдарымыздың жетістіктері аз емес» 19 наурыз, 2013ж <http://www.baq.kz>
5. Erden Qajybek «Emle eреjesіндегі түііткілдер» 6 наурыз, 2019ж. <http://www.anatili.kazgazeta.kz>